

2015 жылдың « 26 » қыркүйек айының,

№ 1 Хаттама

«ҚР Аудиторлар Палатасы» КАҰ мүшелерінің
Жалпы жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚР Аудиторлар Палатасы» Кәсіби аудиторлық ұйым
Жарғысына өзгертулер**

ҚР Аудиторлар Палатасы Кәсіби аудиторлық ұйым Жарғысына келесі өзгертулер енгізілсін:

1. Жарғының 11 бабы 1 тармағында келесі сөздер: «Аудиторлар Палатасының Президенті Жалпы жиналыспен сайланады және оған есеп беруге тиісті. Президент өкілеттігінің мерзімі 2 (екі) жылды құрайды. Президентті жаңа мерзімге 1 реттен артық емес қайта сайлауға болады, Президент өкілеттігінің үздіксіз мерзімі 4 (төрт) жылдың аспауы тиіс» **алып тасталып, және келесі сөздерімен ауыстырылсын:** «Аудиторлар Палатасының Президенті Жалпы жиналыспен сайланады және оған есеп береді. Президенттің өкілеттік мерзімі 4 (төрт) жылды құрайды».

2. Жарғының 11 бабы 2 тармағында келесі сөздер: «Вице-президенттер Президентке есеп беруге тиісті, Жалпы жиналыста екі жылда бір рет сайланады. Жалпы жиналыс жаңа сайланған Президенттің ұсынысы бойынша және Вице-президенттердің бірі Президенттің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін лауазым мирасқоры болу мақсаты болған кезде Вице-президенттерді сайлайды. Вице-президент лауазымында екі жыл бойы болады және оның өкілеттік мерзімі оны сайлағаннан кейін екінші жылы кезекті жалпы жиналыс сәтінде аяқталады, бұл сонымен қатар Президент өкілеттігі мерзімінің аяқталуына сәйкес келуі тиіс. Президент өкілеттігі мерзімі аяқталуы бойынша Жалпы жиналыс Президенттің ұсыныстарын ескере отырып, Вице-президенттердің бірі Президент болатын не болмайтындығын анықтауы тиіс» **алып тасталып, және келесі сөздерімен ауыстырылсын:** «Президентке есеп беретін екі Вице-президент Президенттің ұсынысы бойынша Жалпы жиналыспен сайланады. Вице-президенттердің өкілеттік мерзімі 4 жылды құрайды».

3. Жарғының 1 бабы 4 тармағында келесі сөздер: «Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықшам ауданы., 56 үй, 33, 34 кеңселер» **алып тасталып, және келесі сөздерімен ауыстырылсын:** Қазақстан Республикасы, 050000, «Алматы қ., Абылай хан даңғ, Айтеке би көш, қиылысы 79/71-үй, 126 кенсесі».

**Қазақстан Республикасының
Аудиторлар палатасы» КАҰ-ның атынан
Кеңес Төрағасы**



С.К. Егембердиева